

«№ 6 Хромтау гимназиясы» КММ



**Психологиялық қызметтің I жарты жылдық бойынша есебі
2016 – 2017 оқу жылы**

Психолог: Максимова Г.Т.

**№ 6 Хромтау гимназиясы психологиялық қызметтің I жарты жылдық бойынша есебі
2016-2017 оқу жылы**

№ 6 Хромтау гимназиясы психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
 - б) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Психодиагностика

II. Түзету дамыту жұмысы

III. Психологиялық кеңес беру жұмысы

IV. Ағарту жұмысы

V. Эксперттік жұмыс.

2016 – 2017 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша психологиялық қызметтің есебі

Психологиялық диагностика бағыты бойынша 1- 11 класс білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестер бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

1, 5, 10 класс білім алушыларын психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

1 класс білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді.

5 класс білім алушыларымен бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар, таным қабілеттерін зерттеу, қобалжу, мазасыздық деңгейін, өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау, темперамент формуласын анықтау диагностикасын зерттеу жұмыстары жүргізілді.


10 класс білім алушыларымен жаңа ортаға бейімделу деңгейін анықтау және білім алушылардың көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша жеке оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сауалнаманың мақсаты: Білім алушылардың білім ордасына деген көзқарасын білу.


Гимназияда оқыған саған ұнайды ма?




Гимназияда оқу не үшін қызықты?



Гимназияға ауысу себебің қандай?





1-сынып ата - аналарымен балалардың іс – әркеті негізінде мектептік мазасыздығын анықтау, бейімделу процесіне қатысты көзқарастарын, пікірін білу. Бейімделу процесіндегі кедергідер мен қиыншылықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың мектепке бейімдіелу процесі қалыпты деңгейде.

2 – 4 –сынып білім алушыларының танымдық деңгейін , тәрбие деңгейін, өзін – өзі бағалау, деңгейін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Темперамент типтері анықталды.

10.09 күні Қазақстанның отбасы күніне арналған **21 ғасыр ата-аналарының «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» Республикалық ата-аналар конференциясы** өткізілді. Конференцияға бірінші сынып ата – аналары қатысты.

Жылдық жоспарға сәйкес Ақтөбе- Дарын өңірлік орталығымен бірлесе отырып, 5-10 класс білім алушыларының интеллектуалдық деңгейін бақылау мақсатында «Ақыл ой дамуының мектептік» тесті жүргізілді.

Білім алушылардың топтағы орнын анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы шығарылып, сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді. Түзету - дамыту жұмыстары аз таңдау алған білім алушылармен жеке жұмыстану жоспарланды. Өзін өзі бағалау деңгейі көтеруде білім алушылардың мінез құлық ерекшеліктерін ескере отырып, топ алдында сенімділік деңгейін арттыру, жеке тұлғалық дамуына бағыт бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

9 , 11 сынып білім алушыларымен кәсіптік бағдарлау бойынша «Сенің кәсіби ой - ниетің» тақырыбында сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесі:

№	Сауалнама мазмұны	Оқушының жауабы
1	9 – сыныпты бітірген соң не істемексің?	10 –сыныпта оқимын – 12 білім алушы -70% Білмеймін – 3 білім алушы - 18% Колледжде оқимын – 2 білім алушы – 12%
2	Ата – анаң 9- сыныпты бітірген соң не істе деп кеңес беруде?	10 –сыныпта оқуды 13 білім алушы Колледжде оқуды – 2 білім алушы (Урынғали А, Аманалыұлы Қ) Ойланған жоқпыз – 1 білім алушы (Жайлау Асыл)
3	Таңдаған мамандығыңның	Қажеттің бәрін білемін – 9 білім алушы

	мазмұны, оқу және жұмыс шарттары туралы білесің бе?	Аз ғана хабардармын – 8 білім алушы
4	Таңдаған мамандығыңа қажет болатын жеке қасиеттеріңді, қабілеттеріңді, икемділіктеріңді қалай дамытасың?	Қосымша білім алу арқылы дамытамын –11 білім алушы Өз бетіммен білім ала отырып дамытамын-6 білім алушы
5	Өзіңнің кәсіби ой – ниетіңді іске асыра аламын деп ойлайсың ба? Оған не кедергі бола алады?	Оқуда қиындықтар бар – 5 Иә, жүзеге асыра аламын – 11 білім алушы Материалдық проблемалар – 1 білім алушы
6	Мамандық таңдауда кімнің көмегі немесе кеңесі қажет деп ойлайсың?	Ата – анамның, мұғалімнің, достарымның көмегі керек деп ойлаймын – 17 білім алушы - 100%

9 - сынып білім алушыларына мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру, кеңес беру, түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.

11 – сынып ата- аналарымен «Жеке тұлғаға тиімді кәсіби мамандық таңдауда дұрыс көзқарас қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: жасөспірім жастың психологиялық даму ерекшеліктері туралы мағлұмат беру, мамандық таңдаудағы ата-ананың атқаратын рөлін көрсету, балаға көрсетілетін көмек жолдарымен таныстыру.

Ата – аналарға балаларының мамандық таңдауына қалай көмек беру туралы кеңестер берілді. Мамандық таңдауда дұрыс жол көрсете білу керектігі ескертілді.

5-11 класс білім алушыларының «Тәрбие деңгейінің диагностикасы» диагностикалық жұмысы ұйымдастырылды. Диагностикалық жұмыс барысында білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштері бірнеше критериілер арқылы бағаланды. 5-10 класс білім алушыларының тәрбие деңгейі жақсы деңгейде деп бағаланды.

Гимназияшілік жылдық жоспарға сәйкес 18.10- 28.10.16ж аралығы білім алушылардың психологиялық иммунитетін құру, балалар және жасөспірімдерге рухани – адамгершілік сана - сезімін және қоршаған әлемге берекелі көзқарастарын, білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, қолайлы жағдай туғызу мақсатында «Жан ордасы - Психология» атты психологиялық онкүндік ұйымдастырылды.

Іс –шаралар жоспар бойынша жүргізілді. Аптаның дүйсенбі күні көңіл – күй галактикасы шарасына гимназияның білім алушылары мен мұғалімдері қатысып, төмендегідей қорытындыланды. Қатысушылар: мұғалімдер, білім алушылар

Таңдалған түстер: ақ, қызғылт сары, қара, қызыл, көк, жасыл

Апта күндері «Достық күні», «Мектеп өмірінен бір күн», «Мейірімділік - асыл қасиет», «Жақсы көңіл – күй – жан азығы», «Асқақтаған қиял.....», «Алғыс айту күні», «Жетістік күні», «Мамандық әлемі», «Өзіңді таны, өзгені қорға», «Жақсы тілек күні» тақырыбында өткізілді. Жоспар бойынша «Бақытты балалық шақ» бастауыш сыныптар, «Болашақтағы менің мектебім...» 10 – 11 кл, «Мектептегі бір күнім» 6 – 7 – сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет көрмесіне бастауыш сыныптар қатысып, соның ішінде

1 В, 4А, 3Ә, сыныптары белсенділік танытты.. Фантастикалық суреттер көрмесі «Менің арманымдағы қала» 1 – 4 – кл, «Менің қызығушылықтарым мен әуестігім» тақырыбында 8 – сыныптар арасында фантастикалық жоба сайысы өтті. Фантастикалық суреттер көрмесіне де бастауыш сынып білім алушылары

белсенділікпен қатысты. 8А сыныбы «Менің әуестігім» атты қабырға газетіне әуестік туралы көптеген мәліметтер берді. «Мейірімділік алаңы» тақырыбы бойынша білім алушылардың мейірімділік, жақсылық, адамгершілік қасиеттері туралы пікірлерін, мақал – мәтелдерін, жасаған жақсылық, мейірімділік іс – әрекеттерін жазу іс – шаралары бойынша бастауыш сынып оқушылары мен 5 – сынып оқушылары қатысты.

Психолог тарапынан 10 – 11 сынып білім алушыларымен ««Сау және қуанышты өмір туралы» , «Өзін – өзі реттеу» тренингтері, 5 – сыныптар бойынша « Нағыз достық дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу, 9- сыныптар үшін «Біз және мамандық» тақырыбында пікірталас жүргізілді. Тренинг жоспар бойынша өтті. Тренинг қатысушы оқушылар жаттығуларға белсенді қатысып, әңгімелесу, пікірталас барысында өз ойларын жеткізе білді. Оқшау қалған білім алушы болмады.

Мұғалімдермен «Жақсы көңіл – күй психологиялық денсаулық кепілі» тренингі өткізілді. Мұғалімдерде физиологиялық және психологиялық денсаулыққа жақсы көңіл – күйдің әсері туралы түсінік қалыптасты.

Жас мамандармен өткізілген «Өзіңді таны» тренингі психикалық өзін –өзі реттеу әдістерін игеру және тұлғалық ресурстарды жандандыру мақсатында жүргізілді. тренинг барысында жас мамандармен «Сіз қандай мұғалімсіз?» сауалнамасы алынды. Жас мамандарға өздерінің тұлғалық типтерін 80 пайызға дейін анықтауға мүмкіндік берілді. Психогеометриялық тест адамның тұлғалық типін тез арада анықтауға; кез келген адамға толық мінездемені оған түсінікті түрде жеткізуге; күнделікті жағдайдағы мінез-құлықтың сценарийін жасауға мүмкіндік береді.

Онкүндік аясында «Досыма хат» , «Таңғы тілек», «Сиқырлы қобдиша» атты акциялар жүргізілді. «Досыма хат» акциясы арқылы білім алушылар достарына достық сезімдерін, тілектерін білдірді. Мұғалімдер арасында Даутова Г, және Есжанова Г апайларына хат жолдаған оқушылар да болды. Бұл акцияға 5- сыныптар, 7 – сыныптар, 10 – сыныптар, бастауыш сыныптардың білім алушылары белсенді қатысқан. Сенім жәшігіне келіп түскен хаттар хаттың иелеріне тапсырылды. «Сиқырлы қобдиша», «Таңғы тілек» акциясында білім алушылар, мұғалімдер, ата – аналар тілек білдірді. «Дирижер» жаттығуы арқылы білім алушылар би билеп көңіл көтерді.

Психологиялық апталықтың қорытындысы төмендегідей болды.

Жас мамандардың ұжымға бейімделу деңгейлері психологиялық – педагогикалық тұрғыдан қалыпты деңгейде. Ұжымға бейімделе алмау мәселелері анықталған жоқ. Ұжым мүшелерінің жас мамандармен қарым қатынасы жағымды деңгейде.

Білім алушылардың мектепке келудегі көңіл –күйлері қалыпты. Ойларын еркін жеткізе біледі. Жаңадан қабылданған оқушылар арасында сыныпқа бейімделе алмау мәселелері анықталған жоқ. Оқушылардың бір – бірімен қарым – қатынас деңгейі қалыпты.

II. Түзету дамыту жұмысы бойынша ата – аналармен, білім алушылармен және білім алушылармен топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Түзету дамыту жұмыстары 5,10 кластарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында, 11 класс білім алушыларымен ҰБТ-ке психологиялық дайындау, 9, 11 – сынып білім алушыларына мамандық таңдауда психологиялық қолдау жұмыстары, 8-10 кластар бойынша жеке тұлғалық түзету тренингтері, 5-7 класс білім алушыларымен қарым қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Жас мамандармен «Өзіңді таны», «Мен және менің ортам» , мұғалімдермен ««Жақсы көңіл – күй психологиялық денсаулық кепілі» тақырыбында тренингтер ұйымдастырылды.

«Тәуекел» тобына жататын оқушылар есепте жоқ. Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстардың негізінде, ата – ананың сұранысы, класс жетекшінің сұранысы негізінде жеке жұмыс жүргізілетін оқушылармен жұмыстар ұйымдастырылуда. Бұл оқушылармен арнайы жоспар құрылып, түзету дамыту, ағарту және кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

Кәмілетке толмағандар арасында келеңсіз мінез құлықтың алдын алу мақсатында «Мен қоғамның бөлшегімін», «Өмірдің мәні неде?» атты тренингтік шаралар өткізілді.

2016 - 2017 оқу жылының қазан, қараша айларында «Сенім жәшігіне» келіп түскен 2 хатқа жауап жазылды. Хат иелеріне жеке кеңес берілді.

III. Психологиялық алдын алу бағыты бойынша 8-11 класс білім алушыларымен кеңес беру жұмыстары жалғастырылуда. Экстремизмнің алдын алу бағыты бойынша білім алушылардың қатысуымен «Экстремизм: психологиялық аспектілері» тақырыбында семинар тренинг ұйымдастырылды. Аудандық олимпиада қатысушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында білім алушылардың психоэмоционалдық қысымнан арылту, сенімділік қасиеттерін арттыру мақсатында тренинг сабақ ұйымдастырылды. Сынып жетекшісінің сұранысы бойынша 10 «А» сынып білім алушылары және ата – аналарымен «Отбасы қоғамның айнасы, білім өмірдің шырағы» атты психологиялық тренинг сабағы өткізілді.

Тренинг сабақтың мақсаты: Отбасындағы ұрпақ тәрбиесінің маңызын ұғындыру, әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой - пікірлермен бөлісу. Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата - ана тәрбиесінің әдіс тәсілдерін жетілдіре отырып қарым – қатынас орнату. Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасау. Өзін өзі бағалау деңгейлерін арттыру. Тренингке 25 ата – ана мен білім алушы қатысты.

IV. Кеңес беру бағыты бойынша 1- 11 сыныптар білім алушыларымен және ата – аналарымен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 1-сынып ата – аналарына балаларының мектепке бейімделу процесінің тиімді өтуіне байланысты кеңестер берілді. Мамандық таңдауға байланысты жеке сұрақтарға жауап беріп, көмек көрсетілді.

V. Эксперттік бағыт бойынша 5,10 класс білім алушыларының жаңа ортаға бейімделу процесін бақылау мақсатында сабақтарға қатысу, жылдық жоспарға сәйкес сырттай бақылау, сабаққа қатысу жұмыстары жүргізілді.